



Автор: Балмагамбетова Жайнагуль Амангалиевна
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Адам
Тақырып: Жақсы істер қуанышы Жақсылық пен жаным дос.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіндіріп, мысал келтіру
Сабақтың мақсаты:	- Барлық оқушылар: адамның әр кезеңде білдіретін түрлі эмоциялары мен сезім-күйлері туралы білу; - Оқушылардың басым бөлігі: жақсы істер қоғам игілігіне бағытталса, көңілге қуаныш және шаттық сыйлайтынын түсіну; - Кейбір оқушылар: әртүрлі қарым-қатынас туралы ақпарат алу.
Тілдік мақсаттар:	эмоция – эмоция – emotion; сезімдер – чувства – feelings; көңіл-күй – настроение – mood; жақсы істер – добрые дела – good deeds.
Күтілетін нәтиже:	Әр оқушыға төрт фишкадан, мұғалім алдын ала дайындалған оқушылардың әртүрлі эмоциямен түскен фотосуреттері, балалар әнінің фонограммасы, оқулықтағы «Ойлана біл» тапсырмасынан сурет. Өсиет әңгіме, – М.: «Новая мысль», 2010. – с 256.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Сабақты жұмыстарға қысқаша шолу жүргізуден бастаңыз. Оқушылардан қандай іс қызықтырғанын, қандай істер қуанышты эмоция мен жақсы көңіл-күй сыйлағанын сұраңыз. «Менің көңіл-күйім» тапсырмасында оқушылардан көңіл-күйлерін межеде белгілеуін ұсыныңыз. Оқушылардан өз қойған белгілерін түсіндіруін сұраңыз. Егер барлығының көңіл-күйі жақсы болса, өзіңіздің де қуанғаныңызды білдіріңіз. Бұл жұмыс кезеңін бірқалыпты әуенмен орындауға болады. Көңіл-күй кемпірқосағы. Оқушылардың назарын өзіңіз алдын ала дайындап қойған «сөйлейтін қабырғада» ілінген фотосуреттерге аудартыңыз. Суретте олар әртүрлі көңіл-күйде болуы тиіс. Мысалы, таңдану, шаттану, мұңаю және т.б. Оқушылардан неліктен осындай эмоцияны сезінгенін сұраңыз. «Эмоция» сөзінің мағынасын қалай түсінетінін анықтаңыз. Эмоция дегеніміз сезім білдіру екенін түсіндіріңіз. Оқушыларға жұмыс дәптеріндегі «Көңіл-күй кемпірқосағы» тапсырмасын жеке орындауды ұсыныңыз. Тапсырманың орындалуын, суреттерді қандай фишкамен белгілегенін тексеріңіз. Содан кейін оқушылардың жұпта 2 минут өздерінде жағымды сезім қалдырған оқиғаларды естеріне түсіріп, сол бойынша әңгімелесуін сұраңыз. Жауаптарын тыңдаңыз. Бекіту үшін «Айна» ойынын өткізуге болады. Бір оқушыны тақтаға шақырыңыз және құлағына сезім атауын сыбырлаңыз. Ол айнадағы қимылды қайталап көрсетсін. Сынып оқушылары оның қандай сезім түрі екенін табуы тиіс. Бұдан кейін қалған оқушылар «айна» болып, құлаққа сыбырлаған эмоция түрін қимылмен қайталайды.	Өсиет әңгіме. «Адам теңіз жағасымен келе жатып, құмнан бір нәрсені көтеріп, теңізге лақтырып тұрған баланы көреді. Ол жақын келіп, баланың құмнан теңіз жұлдызын алып жатқанын байқайды. Баланың айналасы толған теңіз жұлдызы. Көптеген аумақты алып жатыр.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Оқушылар табуы қажет: Қуаныш, шаттық бар жерде, Байқалады ернінде. Жауабы: Күлкі. Оқушылардан бір-біріне қарап, күлуі сұраңыз. «Сен білесің бе?» айдары бойынша нмәлімет беріңіз. «Ең қуанышты күлкі» байқауын өткізіңіз. Сабақтан кейін оқушыларды қалауы бойынша суретке түсіріп алыңыз. Фотоларын «сөйлейтін қабырғаға» іліп қойыңыз. Өсиет әңгімені айтып беріңіз. Теңіз жұлдызшаларыеың суреттерін көрсетіңіз. Кімнің теңіз жұлдызын көргенін анықтаңыз. Өсиет әңгіменің идеясын қалай түсінгенін тексеріңіз: – Бала неліктен осы іспен айналысты? – Ол неліктен күлді? Өсиет әңгіменің тәрбиелік мәніне назар аудартыңыз: бала жақсы, пайдалы іс жасады, өз еңбегінен қуаныш сезінді. Ойлана біл. Әдемі қорапшаны көрсетіңіз. Оны «жақсы істер сандықшасы» деп атап, бұл сандықшаны толтыру қажет екенін айтыңыз. Жақсы істер қуаныш сыйлайды. 5e30b154bd967.png Image not found or type unknown Олар ұзақ жылдар бойы есте қалады. Жақындарыңа қамқор бол. Достарыңды қолда. Әлсіздерге көмектес. Табиғатты қорға. Жақсы істер адамдарды жақсылыққа жетелейді.	Бала келесі жұлдызды қолына алып, бір сәт ойланып қалды да, сәл жымиды.
Сабақтың соңы (30 мин)	Сен не білдің? Дұрыс жауаптарды таңда • Барлық адамдар бірдей. • Мереке – бұл қуаныш және шаттық. • Күн тәртібі тек балалар үшін ғана қажет • Жақсы істер қуаныш сыйлайды. 5e30b1be9e69d.png Image not found or type unknown Оқушылар тірек сөздерді есте сақтауы үшін сезім туралы әңгімелесіп, сөйлемді толықтыруы керек. Адамдарда әртүрлі сезімдер мен(эмоция)(emotions)(эмоция) болады. Әр адам(жақсы істер)(доброе дело)(goodworks) жасай алады.	Өнер. Қосымша тапсырманы орындау үшін балалар әнін таңдап алыңыз. АКТ. Оқушылардан фотосуреттерден таныстырылым жасауын, бір күнде оқушылардың өзгерген көңіл-күйі туралы бейнежазба түсіруін сұраңыз.
Рефлексия (5 мин)	Оқушылардан бір-бірінің көңіл-күйін көтеру үшін жақсы істерді атқаруға қайсысының қатысқысы келетінін сұраңыз. Ән айтуды (үш тілде айтса болады) ұсыныңыз. Әнді күрделі емес бірнеше қимылдармен толықтырыңыз. Оқушылар – әртүрлі эмоцияны, сезімді, көңіл-күйді өз сөздерімен сипаттай алады; – сабақтың әртүрлі кезеңдерінде өз эмоциялық жай-күйін анықтай алады. Оқушылар – өз эмоциялары мен көңіл-күйілерін басқаруға болатынын түсінді; – егер қоғам игілігіне жасалған болса, жақсы істер табыс және жақсы көңіл-күй сыйлайтынын білді; – жалпыға пайда әкелетінін және айналаға қуаныш сыйлайтын істерді таңдауға үйренді. Оқушыларға сөйлемді аяқтауға ұсыныс беріңіз: Жамандықтан – жамандық, жақсылықтан (жақсылық) Жақсы ағаштың жемісі де (жақсы) жасауға асығыңдар. (жақсылық) Күмісіңмен мақтанба, мақтан. (жақсылығыңмен) Өмір жасау үшін берілген. (жақсы істер)	Сабақ қорытындысын шығарған кезде оқушылардан қандай тұжырым жасағанын анықтаңыз. Олардан бірінші тапсырмаға қайтып оралуын сұраңыз. Оқушылар сабақ соңында көңіл-күй межесін белгілесін.